



БҰЙРЫҚ

03 мамыр 2022ж
Құйған ауылы

ПРИКАЗ

№ *38*
село Куйган

**«Н.Бозжанов атындағы орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық мекемесінде
2021-2022 оқу жылын аяқтау және білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Алматы облысы білім басқармасының 2022 жылғы 22 сәуірдегі №547-н бұйрығы, «Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің 03.05.2022 жылғы №77-н бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
- 2) 9 сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;
- 3) 11 сынып оқушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестатауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

- 1) қазақ/орыс/ (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын сыныптар үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2022 жылғы 31 мамыр;
- 3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша

жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2022 жылғы 3 маусым;

4)таңдау пәні (Физика,Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша),Шет тілі (ағылшын),Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым;

11 сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс/ (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3)Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4)орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5)таңдау пәні (Физика,Химия,Биология,География,Геометрия,Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері,Әдебиет,Шет тілі (ағылшын тілі) Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым.

3.Оқушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып,мектеп айқындаған мерзімде өткізіледі.

4.Осы бұйрықтың, «Орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алшылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5.Білім сапасын арттыру және пандемия,шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі орынбасары Б.Ш.Абдымомуноваға жүктелінсін.

Мектеп директоры



Аманжолова Г.А.